

## "Цифрлық үкімет" операторын айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 8 мамырдағы № 374 қаулысы

Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі 74-бабының бірінші бөлігіне сәйкес  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы "цифрлық үкімет" операторы болып айқындалсын.

2. "Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 40 қаулысының күші жойылсын.

3. Осы қаулы 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*О. Бектенов*